

Ащысай негізгі орта мектебі
2025-2026 оқу жылы
Қамқоршылық кеңестің хаттамасы
№1

Ащысай ауылы

Өткізілген уақыты: 23.07.2025ж.

Жиналысқа қатысқандар:

1. С.С. Жарасов – қамқоршылық кеңестің төрағасы, заңгер
2. М.Қ. Уалиева – қамқоршылық кеңес төрағасының орынбасары, Ащысай ауылдық модельді кітапханасының меңгерушісі
3. Г.Ж.Кульжабаева – қамқоршылық кеңестің мүшесі, ата-аналар комитетінің төрайымы
4. Ә.А.Сәулебай – қамқоршылық кеңестің мүшесі, Ащысай округі әкімінің аппараты ММ-нің жетекші маманы
5. А.С.Косимов – қамқоршылық кеңестің мүшесі, Ақтөбе қ.«Монтаж строй дом» ЖШС директоры
6. Ш.И. Кушекова - қамқоршылық кеңестің мүшесі, Ақсу негізгі орта мектебінің зейнеткері
7. А.Е Хасанов- қамқоршылық кеңестің мүшесі, Ащысай ауылдық мәдениет үйінің директоры
8. Асладин Г.М.-қамқоршылық кеңестің мүшесі, Сабындыкөл бастауыш мектебінің бастауыш сынып мұғалімі

КҮН ТӘРТІБІНДЕ:

1. Мектептің аз қамтылған, көпбалалы, әлеуметтік осал санаттағы отбасыдан шыққан оқушыларына 2025 жылы бір реттік қаржылай көмек көрсету туралы.

ТЫҢДАЛДЫ:

Күн тәртібіндегі бірінші мәселе бойынша сөз кезегін қамқоршылық кеңес төрағасы Жарасов Серік алып, отырысты ашып, күн тәртібімен таныстырды. Мемлекеттік бір реттік көмек беру үшін оқушылар тізімі қамқоршылық кеңесте қаралуы тиіс екенін атап өтті. Бұл көмек оқушылардың жаңа оқу жылына дайындалуына, қажетті киім-кешек, оқу құралдарын алуына бағытталған.

Битимбаева Мадина Болатовна – мектептің әлеуметтік педагогы: Мектеп бойынша әлеуметтік осал санатқа жататын 8 оқушы анықталды. Бұл оқушылардың көпбалалы, толық емес, немесе аз қамтылған отбасылардан шыққан. Әлеуметтік мәртебесін дәлелдейтін құжаттар жиналып, ұсыныс дайындалды. Төмендегі оқушыларды қаржылай көмек алушылар тізіміне енгізуді сұраймын:

№	Оқушының аты-жөні	Сыныбы	Әлеуметтік мәртебесі
1	Жұбаньшева Айзере	2	Көпбалалы, аз қамтылған отбасы
2	Жұбаньшева Гүлзат	8	Көпбалалы, аз қамтылған отбасы
3	Сейткерей Дана	3	Көпбалалы, аз қамтылған отбасы
4	Сейткерей Томирис	5	Көпбалалы, аз қамтылған отбасы
5	Бахтығали Нұрсұлу	9	Толық емес, аз қамтылған отбасы

№	Оқушының аты-жөні	Сыныбы	Әлеуметтік мәртебесі
6	Қайырбай Иманғали Сабындықол БМ	1	Көпбалалы, аз қамтылған отбасы

6	Базарбаева Тұмарханым	9	Көпбалалы, аз қамтылған отбасы
---	-----------------------	---	--------------------------------

7	Айтжан Ләйлә	3	Көпбалалы, аз қамтылған отбасы
---	--------------	---	--------------------------------

Қамқоршылық кеңестің мүшесі Уалиева Марина Қайырмағанбетқызы сөз алды: Әлеуметтік педагогтың ұсынысымен келісемін. Аталған оқушылар белсенді, тәрбиелі оқушылар. Бұл көмек олардың оқу құралдарын алуына көмек болар еді.

Келесі сөз кезегі қамқоршылық кеңес мүшесі Хасанов Айдос алды: Мен де қолдаймын. Ұсынылған 8 оқушының да әлеуметтік жағдайымен таныспын. Осындай қолдаулар арқылы біз балалардың келешегіне жол ашамыз деп сенемін. Меніңше, бұл көмек тек материалдық қана емес, моральдық қолдау да болып табылады. Ата-аналар мектеп тарапынан осындай қамқорлықты сезінуі керек. Әлеуметтік теңсіздікті болдырмау үшін осындай қолдау шаралары өте маңызды.

5. Саәулебай Әділхан Асқарбекұлы – кеңес мүшесі: Өте орынды ұсыныс. Аталған оқушылардың отбасы жағдайын жақсы білемін – көпбалалы, жағдайы төмен. Мұндай бір реттік көмек олардың жаңа оқу жылына дайындалуына үлкен сеп болады деп ойлаймын. Сонымен қатар, баланың мектепке деген ынтасын арттырып, қатарластарынан қалмауына көмектеседі. Бұл – баланың оқу процесіне бейімделуіне, қатарынан қалмауына себеп болады. Тізімге қосымша енгізетін оқушылар жоқ деп есептеймін.

Мектептің әлеуметтік осал топтарынан шыққан оқушыларына 2025 жылы бір реттік мемлекеттік қаржылай көмек көрсету мәселесін қарап, қамқоршылық кеңес төмендегідей

ҚАУЛЫ ЕТТІ:

1. Әлеуметтік педагог Битимбеава Мадина Болатовнаның ұсынысы негізінде төменде көрсетілген оқушыларға 2025 жылдың тамыз айында оқу жылына дайындық аясында бір реттік қаржылай көмек көрсету қолдау тапсын;
2. Қаржылай көмек алу үшін оқушылардың ата-аналарынан (заңды өкілдерінен) қажетті құжаттар толықтай жиналғаны назарға алынсын.
3. Мектеп әкімшілігі қамқоршылық кеңестің осы шешімі негізінде тиісті құжаттарды аудандық білім бөліміне заңдастырылған тәртіппен жолдасын.

Қамқоршылық кеңес төрағасы:

Хатшы:

 С.С.Жарасов

 М.Б.Битимбаева



Ащысай негізгі орта мектебі

2025-2026 оқу жылы Қамқоршылық кеңестің хаттамасы №2

Ащысай ауылы

Өткізілген уақыты: 12.12.2025 ж.

Жиналысқа қатысқандар:

1. С.С. Жарасов – қамқоршылық кеңестің төрағасы, заңгер
2. М.Қ. Уалиева – қамқоршылық кеңес төрағасының орынбасары, Ащысай ауылдық модельді кітапханасының меңгерушісі
3. Г.Ж.Кульжабаева – қамқоршылық кеңестің мүшесі, ата-аналар комитетінің төрайымы
4. Ә.А.Сәулебай – қамқоршылық кеңестің мүшесі, Ащысай округі әкімінің аппараты ММ-нің жетекші маманы
5. А.С.Косимов – қамқоршылық кеңестің мүшесі, Ақтөбе қ.«Монтаж строй дом» ЖШС директоры
6. М.И. Есеева - қамқоршылық кеңестің мүшесі, Ақсу негізгі орта мектебінің зейнеткері
7. Н.В.Высоцкая- қамқоршылық кеңестің мүшесі, Ащысай негізгі орта мектебінің 8 сынып оқушысы
8. Ақсу негізгі орта мектебінің әлеуметтік педагогі Кшаева Гулнур Қуанышева
- 9.Асладин Г.М.-Сабындыкөл бастауыш мектебінің бастауыш сынып мұғалімі

КҮН ТӘРТІБІНДЕ:

1. Аудандық жаңа жылдық шыршаға әлеуметтік қамқорлықтағы оқушыларды қатыстыру және сыйлықпен қамтамсыз ету.

1. Тыңдалды: қамқоршылық кеңес төрайымы Уалиева Марина алды: ағымдағы жылдың 24 желтоқсан күні ұйымдастырылатын аудандық әкім шыршасына жетім, ата-анасының қамқорлығынсыз қалған балалар, мүгедек (өз бетімен қозғала алатын) оқушылар, атаулы әлеуметтік көмек алатын, көп балалы және дарынды балаларды қосқанда барлығы 9 оқушы, оның ішінде аудандық әкім шыршасына қатысуға 11 оқушы, сыйлық алуға 2 оқушыға сұраныс беруіміз қажет. Сол себепті, сынып жетекшілермен бірлесе отырып, төмендегі оқушыларды әкім шыршасына ұсындық. Әкім шыршасына қатысатындар:

№	Аты жөні	Мектебі	Сыныбы	Санаты
1	Құлтас Расул Саматұлы	Ащысай НОМ	4	Дарынды оқушы
2	Жұбанышева Айзере Асылбекқызы	Ащысай НОМ	2	Көпбалалы, аз қамтылған
3	Айтжан Ләйлә Айзатқызы	Ащысай НОМ	3	Көпбалалы, аз қамтылған

4	Дүйсен Батыр Нұрлыбайұлы	Ақсу НОМ	5	Көпбалалы отбасы
5	Жәдігер Мансұр Жақсылықұлы	Ақсу НОМ	7	Көпбалалы отбасы
6	Орынбасар Нарғыз Нұртуғанқызы	Ақсу НОМ	8	Дарынды оқушы
7	Кенжетайқызы Сағыныш	Ақсу НОМ	9	Үздік оқушы
8	Қайырбай Иманғали	Сабындыкөл БМ	1	Көпбалалы отбасы
9	Асладин Айлин	Сабындыкөл БМ	2	Үздік оқушы
10	Марат Рукая	Сабындыкөл БМ	2	Көпбалалы отбасы
11	Базарбаева Айханым	Сабындыкөл БМ	0	Көпбалалы отбасы

Қамқоршылық кеңесінің төрағасы: **С.С. Жарасов** сөз алды: жоғарыда тізімде көрсетілген оқушыларды 24 желтоқсан күні ұйымдастырылатын аудандық әкім шыршасына қатыстыруға еш қарсылығымыз жоқ.

Қаулы:

1. Тізімде көрсетілген оқушылар Аудандық жаңа жылдық әкім шыршасына жіберілсін.
2. Аудандық жаңа жылдық шыршаға баратын оқушының ата-анамен тығыз байланыста болып, құжаттарын уақытылы дайындау Ащысай негізгі орта мектебінің әлеуметтік педагогі Битимбаева Мадина Болатовнаға, Ақсу негізгі орта мектебінің әлеуметтік педагогі Кшаева Гулнур Қуанышеваға, Сабындыкөл бастауыш мектебінің мұғалімі Асладин Г.М міндеттелсін.

Қамқоршылық кеңес төрағасы:

Хатшы:

С.С.Жарасов

М.Б.Битимбаева

